

"Темір жол көлігімен тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетпен алып жүруге жататын жүктердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2005 жылғы 10 қарашадағы № 344-І бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 12 желтоқсандағы № 709 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 15 желтоқсанда № 31141 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Темір жол көлігімен тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетпен алып жүруге жататын жүктердің тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2005 жылғы 10 қарашадағы № 344-І бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3931 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Темір жол көлігімен тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетпен алып жүруге жататын жүктердің тізбесінде:

реттік нөмірі 28-жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 30-1-жолмен толықтырылсын:

"

30-1.	Біріктірілмеген күйдірілген пириттен басқа, темір және кендер концентраттары	26011100	Темір кенінің шекемтастары
-------	--	----------	----------------------------

".

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 34-1 және 34-2-жолдармен толықтырылсын:

"

34-1.	Сутегі хлориді (тұз қышқылы)	28061000	Барлық атаулар
34-2.	Күкірт қышқылы	28070000	Барлық атаулар

".

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрі*

К. Ускенбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК